



Қоғамдық қор (ағыл. *socialfund*; нем. *gesellschaftlicher Fonds*) - Азаматтар және (немесе) заңды тұлғалар ерікті мүліктік жарналар негізінде құрған, әлеуметтік, қайырымдылық, мәдени, білім беру және өзге де қоғамдық пайдалы мақсаттарды көздейтін мүшелігі жоқ коммерциялық емес ұйым

Еліміздің бірқатар өңірлерінде елді мекендерді әлеуметтік-экономикалық дамыту жөніндегі ұйымдар жұмыс жасап жатыр. Негізінде, бұл қоғамдық бірлестіктер немесе қоғамдық қорлар. Қатысушылар қатарында, ережеге сай, жеке тұлғалар бар. Кәсіпкерлер, аталмыш ұйымдар және аудандар, қалалар мен облыстар әкімдіктері арасында жасалған үш жақты меморандумдар негізінде кәсіпкерлер қорлар атына ақшалай қаражат аударуға міндетті.



**Негізгі түрі: экономикалық қорлар – өндірісті қамтамасыз ету көздері, құралдары, қаражаты. Бұған табиғи қорлар (шикізат көздері, геофизика көздер), еңбек қорлары, капиталдар, айналым құралдары (материалдар), қаржы-қаражат жатады;**



Алғаш рет 2013 жылдың 20 сәуірінде Атырау қаласында төрт еріктінің шешімімен құрылып, өз жұмысын қайырымдылыққа бағыттаған «Жүректен Жүрекке» қоғамдық қорының осы уақытқа дейінгі атқарған істері баршылық. «Қайырымдылық бақытқа жету үшін керек» деген Әл-Фараби дананың сөзін басшылыққа алып, өзгенің қуанғанынан өз жандарынан жұбаныш тапқандығы рас. «Жүректен Жүрекке» еріктілер болып құрылған сәттен бастап, игі шараларды қолға алды.



Мұндағы негізгі мақсаттары жағдайы төмен отбасыларға қолдау көрсетіп, жасынан дертке шалдыққан бүлдіршіндерге өмір сыйлау болса, екінші жағынан елді бірлікке, қайырымдылыққа шақыру болды. Сонымен бірге қоғамда тағдырдың тәлкегіне түскен жандардың санын азайту басты назарға ұсталды. Осындай үш мақсатты нысанға ала отырып, өз қызметтеріне кіріскен олардың қатарына ниеттес жастарда толассыз қосылып жатты. Өз еліндегі жағдайы төмен отбасылардың кем кетігін жамау азаматтықтың белгісі болса, сондай дәрежеге лайық деп санауға тұрарлық еріктілердің тырнақ алды жұмыстары «Тамаша» сауда орталығында «Жүрек жылуымен бөлісу» деген атаумен өткен қайырымдылық акциясынан басталған еді. Содан бері талай игі істер атқарылды.

